«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

080012, Тараз қаласы, Ленин көшесі, 25
тел.: 43-18-84, факс: 45-83-84
e-mail: fink.taraz@minfin.gov.kz

03.03.2018г. №ГМАД-6-14/607

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

080012, г. Тараз, ул. Ленина, 25
тел.: 43-18-84, факс: 45-83-84
e-mail: fink.taraz@minfin.gov.kz

«Андас-Групп» ЖШС-і
директоры
Б. Тұяқбаевқа

ОҚО, Қазығұрт ауданы,
Қосағаш а., Қарағұлов к., 1 үй

Жамбыл облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит Департаментпен (*бұдан ары – Департамент*) Сіздің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 15 арызыңыздың негізінде ашық конкурс тәсілімен өткізілген № 2162104-1 «Тараз қаласы Әуежай аумағындағы тұрғын алқабын электрмен қамтамасыз ету құрылысы» мемлекеттік сатып алуларының № 15995309-ОК1 лоты бойынша камералдық бақылауы жүргізіліп, Сіздің арызда көрсетілген уәждер толығымен расталды.

Конкурстық құжаттама сәйкестігін бақылау барысында келесідегі анықталды:

1. 2018 жылғы 13 ақпандағы қорытындылар туралы хаттамада көрсетілген «Не указаны данные технических паспортов в п.3 сведений о квалификации по арендованным материальным ресурсам» деген себеппен, Сіздің конкурстық өтініміңіз Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы Қағидаларының (*бұдан ары – Қағидалар*) 168 тармағына қайшы «егер конкурсқа қатысуға өтінімде ұсынылған конкурсқа қатысуға өтінімнің мәнін қозғамай түзетуге болатын грамматикалық немесе арифметикалық қателіктер болса, ол конкурстық құжаттама талаптарына сай деп танылады» негіссіз шеттетілген.

2. Қорытындылар туралы хаттамада көрсетілген «Потенциальный поставщик не обладает достаточными трудовыми ресурсами необходимыми для выполнения работ: рабочие - 9чел, служащие - 1чел, МОП и охрана - 1чел» деген себеппен, Сіздің конкурстық өтініміңіз Қағидалардың конкурстық құжаттамасы 5-қосымшасының Ескертпесінің 17 тармағына қайшы «егер конкурстың мәні құрылыс, кеңейту, техникалық қайта қарулану, бар объектілерді жаңғырту, реконструкциялау, қайта жаңғырту және күрделі жөндеу, сондай-ақ жобалау болып табылса, еңбек ресурстарының болуын растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін беру туралы талап онда тұрақты түрде жұмыс істейтін аттестатталған инженерлік-техникалық қызметкерлерге ғана қолданылады» негіссіз шеттелген.

3. Қорытындылар туралы хаттамада көрсетілген «Әлеуетті өнім берушіге жобалау-сметалық құжаттаманың (құрылыс ұйымының жобасы) тиісті бөлімінде

не еңбек ресурстарының тізбесінде көрсетілген Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеуге және есепке алуға жататын өз құрылыс машиналарының, тетіктер мен автокөлік құралдарының, бірақ үш бірліктен аспайтын негізгі түрлерінің болуы туралы талап белгіленуі мүмкін. Бұл ретте, нақты түрлерге байланыстырмастан, өз құрылыс машиналарының, тетіктер мен автокөлік құралдарының санына ғана талап көрсетіледі» деген себеппен, Сіздің конкурстық өтініміңіз Қағидалардың конкурстық құжаттамасы 5-қосымшасының Ескертпесінің 14 тармағына қайшы «Әлеуетті өнім берушіге жобалау-сметалық құжаттаманың (құрылыс ұйымының жобасы) тиісті бөлімінде не еңбек ресурстарының тізбесінде көрсетілген Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеуге және есепке алуға жататын өз құрылыс машиналарының, тетіктер мен автокөлік құралдарының, бірақ үш бірліктен аспайтын негізгі түрлерінің болуы туралы талап белгіленуі мүмкін. Бұл ретте, нақты түрлерге байланыстырмастан, өз құрылыс машиналарының, тетіктер мен автокөлік құралдарының санына ғана талап көрсетіледі» негіссіз шеттелген.

Осыған орай, «Камералдық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 598 бұйрығының 11 тармағына сәйкес, ұйымдастырушыға камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жіберілді.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12 бабы және 14 бабының 6 бөлімдеріне сәйкес өтініш бойынша қабылданған шешімді жоғары тұрған лауазымды тұлғаға немесе бағыныстылық тәртібімен субъектіге, сондай-ақ шешім қабылдағаны туралы белгілі болған кезден бастап, үш айдан кешіктірмей сотқа шағым беруіңізге болады.

Басшының орынбасары **Қ. Орманов**

орынд. Бөкейханов Ә.
тел. 43-54-60